

тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы

2023-2024 оқу жылынан бастап еліміздің Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізді. Бағдарлама білім беру және жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген. Біртұтас тәрбие бағдарламасы өскелең ұрпаққа беріліп жатқан тәрбиені күшейту мақсатында жасалған. Ол баланың екіжақты, яғни сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қаматамасыз етуге бағыттылған. Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді.



«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Білім беру ұйымдарында келесі міндеттер жүзеге асырылады:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, «Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша:

«Тыңқыр күйек – «Білім күні»- «Мектеп – мейірім мекені», «Тіл мерейі, ел мерейі», «25 қазан – Республика күні», «Менің Отаным – менің болашағым», «Тарих пен тіл тамырлас», «Қазағымның қазынасы – домбыра», «Бата – ұлттық тәлім-тәрбие бастауы», «Наурыз тойы – мерекем, Салт-дәстүрім – берекем» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

«Ар-ұят» құндылығы бойынша «Отбасы – бақыт мекені», «Мағжан Жұмабаевқа 130 жыл» - «Мен жастарға сенемін», «Қарттарым – асыл қазынам», «Ұстаз-ұлы есім», «Оян, ар мен адалдық», «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту», «Жер анаға мың тағзым», «Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталды» тақырыбында бейнеқұттықтаулар мен бейнекөріністер, тәрбие сағаттары өткізілді.

«Талап» құндылығы бойынша ««Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік», «Жаңа жыл-2024», «Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі бола ала ма?», «Туған жерімнің табиғаты», «Жақсылық сабағы» атты іс-шаралар ұйымдастырылды.



zharsai_negizgi_mektebi 5-9 класс оқушыларына арналған Жаңа жыл мерекесі.
Жауаптылар:
Алғабергенова К. С.
Глушко Н.В.



zharsai_negizgi_mektebi Қанқоры күніне орай 7-9 класс оқушыларымен Жақсылық сабағы өткізілді.
Класс жетекшісі:Алғабергенова К. С.
@qobda_bilim_belimi
@aqtoobe_bilim_basqarmasy
#zharsai_negizgi_mektebi



Оқушылар білімге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін ұштау, сонымен қатар ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ғылыми білім жүйесін меңгерту мақсатында аудан, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылған ғылыми жобаларға, олимпиадаларға, байқауларға белсене қатысып отырады.

Сынып оқушылары барлық мектепішілік іс-шараларға да белсене атсалысып отырады. Атап айтқанда, «Дос болайық!» акциясы, «Жол ережесін білейік!», «Отбасы күні», «Денсаулық марафоны», «Алғыс айту» т.б. шараларға сынып оқушылары қатысып, флешмоб, видеоқұттықтаулар ұйымдастырды. Оқушылар түсірген бейнекөріністер мектептің инста парақшасына салынып отырды.

«14 наурыз-Амал мерекесі», «Көрісу күні»-оқушылар ауылдың ақсақалы Добрашев С. отбасына барып, ата-әжесімен көрісіп келді.



❤️ 6 🗨️ 📌

zharsai_negizgi_mektebi Бүгін, 14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күнді Аман мерекесі деп те атайды. Адамдар осы күні... еше



❤️ 33 🗨️ 📌 1

Нравится glyshkonadezda и другим zharsai_negizgi_mektebi 17 наурыз - «Шаңырақ» күні

Шаңырақ - қазақ үйінің жүрегі, жайлылықтың, отбасылық жылулық пен бірліктің символы #aqtoabaitynbesigit #наурызактобе #наурызқуттыболсын #наурызмейрамы

Оқу жылы ішінде ата – аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа ата-аналар белсене қатысты. Жиналыста оқушылардың пәндерге ынтасы мен қызығушылығы, «Мектеп формасы», «Мектеп ережесі», «Қауіпсіздік ережелері» туралы мәселелер қозғалды. Ата-аналармен әр түрлі тренингтер мен сауалнамалар жүргізіліп, бейнематериал ұсынылды.



❤️ 23 🗨️ 📌


Нравится glyshkonadezda и другим zharsai_negizgi_mektebi "Бары да, ана, бір нәзінен басталды!" тақырыбында 1-9 сыныптарда ата-аналар жиналысы өтті



❤️ 15 🗨️ 📌

zharsai_negizgi_mektebi "Балаңыз бас ұстаы - ата-ана" тақырыбында 7 сыныптың ата-аналарымен қатысумен сәбақ өтті. Өткізген: Аалбарғалиева К.С. #біртүтік_ғарбию

Каникул кезінде уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында сынып оқушылары мектеп және ауылдық кітапханаларына барып, кітаптар алып, оқыды.



«Вейп темекіге қарсымыз!», «Алаяқтық әрекеттен сақтан», «Жемқорлық-қоғамдағы кесел», Зорлық-зомбылықтың, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша тәрбие сағаттары да өтті.



10 1

zharsai_negizgi_mektebi 7-9 "A" сыныбында "Алаңдық аракеттен сақтан" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Өткізген: Аяпбергенова К.С.



6 1

zharsai_negizgi_mektebi Зорлық-зомбылықтан алдын алу бойынша 7-9 класс оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Класс жетекшісі: Аяпбергенова К.С. @qobda_bilim_bolimi @aqtoobe_bilim_basqarmasy #zharsai_negizgi_mektebi



5 1

zharsai_negizgi_mektebi 7-9 класс оқушыларымен «Войн, теменге қарсымыз» атты тәрбие сағаты өткізілді. Класс жетекшісі: Аяпбергенова К.С. @qobda_bilim_bolimi @aqtoobe_bilim_basqarmasy #zharsai_negizgi_mektebi



14 1

zharsai_negizgi_mektebi Күз мезгілінің алдында алу бойынша 7-9 класс оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Класс жетекшісі: Аяпбергенова К.С. @qobda_bilim_bolimi @aqtoobe_bilim_basqarmasy #zharsai_negizgi_mektebi



6 1

zharsai_negizgi_mektebi 7-9 "A" сыныбында "Жемқорлық-қоғамдағы кесел" атты сынып сағаты өткізілді. Жетекшісі: Аяпбергенова К.С. #сыбайласжемқорлыққажәлжәк



Сынып оқушыларының оқу және сабақтан тыс жұмыстарға саналы және дербес қатынасын қалыптастырудың оң динамикасын, сынып пен мектеп өміріне қызығушылықпен қатысуын, оқу мен тәрбие процесіне оң көзқарасты атап өтуге болады. Мұндай нәтижелерге қол жеткізудің көрсеткіштері іс-әрекеттің барлық түрлеріне қызығушылықтың болуы, оқу-тәрбие және сабақтан тыс жұмыстардың үдерісі мен нәтижелеріне қамқорлықпен қарау, барлық іс-шараларға белсенді қатысу болып табылады. Оң нәтижелер ынтымақтастық қарым-қатынастарын және сынып ата-аналарымен мүдделі өзара әрекеттесуді қамтиды.

Сынып жетекшісі: Аяпбергенова К.С.